Бумен жібіткіш GALAXY LINE GL6209 (ары қарай мәтін бойынша – бумен жібіткіш, құрал, электр құралы, бұйым) – үтіктеу, ылғалдандыру, тазарту және за рарсыздандыру атқарымдарын үйлестіруші заманауи көп атқарымдық электр құралы. Электр құралы киімде немесе ішкі көріністің заттарында қатпарларды абайлап тегістеуге, сонымен бірге матадан жасалған бұйымдарды булап жібітуге арналған. Бумен жібіткішті матаның барлық түрлерінен (мақта, синтетика, жүн, жібек, тері және бас.) дақтарды және иістерді кетіру үшін қолдануға болады. Бумен жібіткіштің көмегімен шаңнан жеңіл тазартуға және балалардың ойыншықтарын, жұмсақ жиһазды, перделерді және басқа да заттарды зарарсыздандыруға болады. Үш секциялық телескоптық тіреу биіктік бойынша реттеледі. Шалбарлар үшін ұстағышпен қолайлы ілгіш жайлы буландырумен қамтамасыз етеді. Бу шығуының қарқындылығын реттеуіш матаның түрлі түрлерін буландыру және өңдеу үшін қажетті режимді орнатуға мүмкіндік береді. Биіктік бойынша реттеу мүмкіншілігімен екі үшсекциялық телескоптық тіреулер, көлбеу деңгейін реттеумен үтіктеу тақтасы және үтікшенің 2 күйі қолайлы пайдаланумен қамтамасыз етеді. Буландыру үшін матаның түрін таңдау мүмкіншілігі әртүрлі маталарды және материалдарды өңдеуге мүмкіндік береді. Жиынтықтағы жылуоқшауланған қолғап қауіпсіз қолданумен қамтамасыз етеді.

ЕАЭ **Өнім Кедендік одақтың келесі техникалық регламенттеріне сәйкес болады:**

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 16 тамызындағы №768 Шешімімен бекітілген ТР ТС 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне;

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 9 желтоқсанындағы №879 Шешімімен бекітілген ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентіне; Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2019 жылдың 18 қазанындағы №113 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенті.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бұйымның барлық қызметтік мерзімі ішінде сақтаңыз. Сіз арқылы сатып алынған бұйым осы нұсқаулықтан оның пайдаланылуына әсер етпейтін кейбір ерекшеліктерге ие болуы мүмкін.

2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1 Кесте

Параметрдің атауы	Мәні
Номиналды кернеу	220-240 В ~
Номиналды жиілік	50 Гц
Номиналды тұтыну қуаты	2400 Вт
Үздіксіз жұмыс уақыты	54 мин. ± 5 мин.
Қыздыру уақыты	85 с
Будың шығуы	33 г/мин. ± 5 г/мин.
Суға арналған контейнердің көлемі	2 л
Жылу оқшауланған құбыршектің ұзындығы	130 см
Үшсекциялық телескоптық тіреудің ұзындығы	101 см
Бу температурасы	130-160 °С
Үтіктеу тақтасының күйі	0°, 30°, 60°, 90°
Буландыру үшін матаның түрлері	жүн / жібек / зығыр
Үтікше табанының жабыны	керамикалық
Қуат беру баусымының ұзындығы	1,8 м

3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

2 Кесте

Атауы	Саны
Бумен жібіткіш	1 дана
3-секциялық телескоптық тіреу	2 дана
Үтікшемен жылу оқшаулағыш құбыршек	1 дана
Үтіктеу тақтасы	1 дана
Үтікшені ұстағыш	1 дана
Саптама-шөтке	1 дана
Суға арналған контейнер	1 дана
Жылуоқшауланған қолғап	1 дана
Дренажды тұғырық	1 дана
Бойлердің ағызу саңылауының қақпағы	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Тұтынушылық ыдыс	1 дана

4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Электр құралының қауіпсіз және тұрақты жұмысы на тек келесі шарттарды сақтаған кезде ғана кепілдік беріледі:

4.1 Бұйымның корпусын және оның жекелей бөліктерін суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады.

4.2 Бұйымды қуат беру желісіне қосудың алдында желі параметрлерінің осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген мәндерге сәйкес екендіктеріне көз жеткізіп алыңыз.

4.3 Бұйымды желіден ажырату кезінде қуат беру баусымынан емес ашадан ұстау керек.

4.4 Құрал физикалық, сенсорлық немесе ойлау қабілеттері төмендеген немесе оларда өмірлік тәжірибе мен білімдері болмаса, егер олар қарауда болмаса немесе оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар арқылы құралды қолдану жөніндегі нұсқамалық жүргізілмесе, тұлғалармен балаларды қоса алғанда) қолданылуға арналмаған. Балалар құралмен ойнауына жол бермеу үшін қарауда болуы керк. Егер ол тіпті желіден ажыратылған болса да, балалардың бұйымға жанасуларына рұқсат бермеу керек. Жұмыс істеп тұрған бұйымның жанында балалар мен жануарлардың болуына жол бермеңіз.

4.5 Бұйымды осы нұсқаулықта аталғандардан басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Бұйыммен жұмыс істеу, сақтау және күтім жасау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүргізілуі керек.

4.6 Бұйымды егер жану немесе жарылыс қаупі бар болса, мәселен тез тұтанатын сұйықтықтардың немесе газдардың жанында қолданбаңыз.

4.7 Құралды егер ол қараусыз қалдырылған болса және құрастырудың, бөлшектеудің немесе тазалаудың алдында әрдайым желіден ажыратып отыру қажет. Сонымен бірге құралды кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда және жұмыс аяқталғаннан кейін желіден ажырату қажет.

4.8 Қуат беру баусымының және бұйымның бүтіндігін қадағалау қажет. Бұйымды бүлінулер болған кезде қолдануға тыйым салынады.

4.9 Қуат беру баусымы бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы немесе оның агенті, немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Қуат беру баусымын ауыстыру қолданыстағы тарифқа сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.

4.10 Бұйымға қате қарау оның бұзылуына, қолданушыға немесе оның мүлігіне зиян тигізуге әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.11 Бұйымның жұмысы кезінде жерге тұйықталған заттарға жанаспаңыз (мәселен, құбыржолдарға, жылыту радиаторларына, газ плиталарына, тоңазытқышқа).

4.12 Электр құралын қызып тұрған бу үтікшесімен жылжыту кезінде дененің кез келген бөліктеріне тиіп кетуіне жол бермеңіз.

4.13 Құралды толтыру және тазалау уақытында электр қуат беру желісінен ажырату керек.

4.14 Электр құралын тек тік күйде ғана пайдаланыңыз. Ешқашан оны көлденең күйде ұстамаңыз және одан судың ағуын болдырмау үшін айналдырмаңыз.


- 4.15 Сумен толтырылған контейнерді орнатудың алдында контейнер қақпағының тығыз жабылғандығына көз жеткізіңіз.
- 4.16 Егер Сіз буды беру сәтінде киімді түзетуді шешсеңіз, күйіп қалуды болдырмау үшін жылуоқшауланған қолғапты қолдану ұсынылады.
- 4.17 Құралды пайдалану кезінде будың шығарылуына байланысты сақтық шараларын сақтау керек.
- 4.18 Бу ағынын Сіз буландырмақшы, тегістемекші, зарарсыздандырмақшы немесе ылғалдандырмақшы болған заттардан басқа ештеңеге бағыттауға тыйым салынады.
- 4.19 Қолданғаннан кейін электр қолданғаннан кейін оны толықтай суытыңыз және су қалдықтарын төгіңіз.
- 4.20 Газдалған суды, парфюмерлік қоспаларды және крахмал ерітіндісін қолданбаңыз.
- 4.21 Құбыршекті құрылғыны жылжыту үшін қолданбаңыз. Құрылғыны, оның телескоптық түтігінен ұстай отырып жылжытыңыз.
- 4.22 Егер құралдың жұмысы кезінде корпуста будың шығуы байқалса, булы құбыршектің қысылмағандығына, үтіктің бу шығаруға арналған саңылауының бұғатталмағандығына көз жеткізіңіз.
- 4.23 Адамға киілген киімді ешқашан буландырмаңыз, себебі шығудың будың температурасы өте жоғары болады, үтіктеу тақтасын қолданыңыз.
- 4.24 Саптама-шөткені тек құрал толық суығаннан кейін ғана орнатыңыз және шешіңіз.
- 4.25 Қуат беру баусымын қызу көзінен, майдан және өткір заттардан алыс ұстаңыз.
- 4.26 Бұйыммен жиынтықта жеткізілмеген керек-жарақтарды қолдану қауіпті болуы және бұйымның істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.27 Термоажыратқыштың кездейсоқ іске қосылуымен шақырылатын қауіптерге жол бермеу үшін құралға таймер секілді сырттай сөндіруші құрылғы арқылы қуат берілмеу керек немесе әдетте, коммуналдық қызметтермен іске қосылатын және сөндірілетін желіге қосылмауы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрылғы тек тұрмыстық қолдануға ғана арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық барлық мүмкін болатын оқыс жағдайларды қарастыра алмайды. Қолданушыға электр құралымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтауы керек болады!


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр құралын алкогольдік немесе есірткілік масаю шарттарында, немесе ақиқатты объективті қабылдауға кедергі жасаушы басқа да шарттарда қолданбау керек, және құралды осындай күйдегі немесе шарттардағы адамдарға сеніп тапсырмау керек!

5 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫНЫҢ АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



1. Утікшенің бұрылуын батырма-бекіткіш
 2. «Утіктеу / буландыру» жұмыс режимдерін ауыстырғыш
 3. Утікшеге арналған қойғыш
 4. Булы утікше
 5. Утіктеу тақтасы
 6. 3 секциялық телескоптық тіреу
 7. Телескоптық тіреу секцияларының бекіткіштері
 8. Жылуоқшауланған құбыршек
 9. Тіреуді корпусқа қосу үшін бекіткіш

10. Корпус
 11. Суға арналған контейнердің тұтқасы
 12. Бойлердің ағызу саңылауының тығыны
 13. Дренажды тұғырық
 14. Суға арналған контейнер
 15. Контейнердің ағызу саңылауының қақпағы
 16. Дөңгелекшелер
 17. Саптама-шөтке
 18. Жылуоқшауланған қолғап



Басқару панелі:

19. Контейнерде судың жоқтығы индикаторы

20. Жұмыс индикаторлары

21. Матаның таңдалған түрінің индикаторлары

22. Матаның түрін таңдау батырмасы

23. Іске қосу / сөндіру батырмасы

«нет воды»- «су жоқ»

«готов к работе»- «жұмысқа дайын»

«глажение»- «үтіктеу»

«отпаривание»- «буландыру»

«режим ожидания»- «күту режимі»

«шелк»- «жібек»

«шерсть» -«жүн»

«лен» -«зығыр»

«тип ткани»- «матаның түрі»


«вкл./выкл.»- «қосу/Сөнд.»

6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Құралды барлық қаптаушы материалын (бар болған жағдайда) алып тастай отырып, қаптамадан шығарыңыз. Жиынтықты тексеріңіз және механикалық бүлінулердің жоқтығына көз жеткізіңіз. Бұйымның және желілік кабелдің бүтіндігін тексеріңіз. Корпусты алдымен дымқыл майлықпен, сосын құрғақ матамен сүртіңіз.

6.1 Тіреуді құрастыру

6.1.1 Телескоптық тіреуді төменгі жағымен құралдың корпусындағы бекіткішке қойыңыз (1 сур.)




1 сур.

6.1.2 Оларды секцияларды бекіткіштердің көмегімен биіктік бойынша реттеңіз (2 сур.).




2 сур.

6.1.3 Үтікшеге арналған қойғышты үтіктеу тақтасының жоғарғы бөлігіне орнатыңыз. (3 сур.).



3 сур.

6.1.4 Үтіктеу тақтасының кері жағындағы қызыл батырманы басыңыз және тіреулерді бекіту үшін ұстағыштарды тік орнатыңыз. Сақ бола отырып, бекіткіштерді бұғаттан шығарыңыз. Тақтаны телескоптық тіреулерге орнатыңыз және бекіткіштерді бұғаттаңыз (4 сур.).



4 сур.

6.1.5 Булы үтікшені қойғышқа дұрыс күйге орнатыңыз.(5 сур.).



5 сур.

6.2 Контейнерді сумен толтыру

6.2.1 Тұтқасынан ұстаңыз және контейнерді құралдың корпусынан шешіңіз. Суға арналған контейнерді аударыңыз және контейнердің түбіндегі қақпақты бұрап шығарыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Суға арналған резервуарды шешудің алдында құралдың электр желісінен ажыратылғандығына көз жеткізіңіз. Ыстық суды қолданбаңыз, судың температурасы $+50^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы керек.

ЕСКЕРТУ: Бумен жібіткіштің қызметтік мерзімін ұзарту үшін тазартылған және минералсызданған суды қолдану ұсынылады.

6.2.2 Су құйыңыз.

6.2.3 Қақпақты бұрап бекітіңіз.

6.2.4 Контейнерді электр құралының корпусына орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ: егер контейнер корпусқа орнатылмаған болса немесе контейнердегі су бітіп қалса, дыбыстық сигнал беріледі, ал басқару панеліндегі «Су жоқ» (Нет воды) индикаторы жанып-өшетін болады. Толтырылған контейнерді құралдың корпусына дұрыс күйге орнату қажет.

7 ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Бумен жібіткішті киімдегі немесе ішкі көрініс заттарындағы қырыстырыстарды нәзік үтіктеуге, сонымен бірге кез келген типтегі киімдер мен маталарды булап жібітуге қолдануға болады, бұл ретте киім затбелгісіндегі нұсқауларды басшылыққа алу керек болады. Егер осындай ақпарат болмаса, құралдың көмегімен матаны ішкі бет жағынан буландырып көріңіз. Жібек немесе ши барқыт секілді маталарды булап жібіту кезінде, бу үтікшесін бұйымнан біраз қашықтықта ұстай отырып матаны өңдеңіз.

7.1 Электр құралын пайдалану

7.1.1 Контейнерді суымен толтырыңыз және оны электр құралының корпусына орнатыңыз.

7.1.2 Тазакиімді үтіктеу тақтасына орналастырыңыз. Егер бұл қажет болса, саптама-шөткені булы үтікшеге орнатыңыз.

7.1.3 Электр құралын желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал шығады, ал батырманың үстіндегі индикатор жанып-өшетін болады. Басқару панеліндегі «Қосу/Сөнд.» (Вкл./Выкл.) батырмасын баса отырып, құралды іске қосыңыз. Дыбыстық сигнал шығады. Басқару панелінде және үтікшеде тиісті жұмыс режимінің («үтіктеу» немесе «буландыру») индикаторы жанады.

7.1.4 Жұмыс режимін («үтіктеу» немесе «буландыру») таңдау үшін үтікшенің тұтқасындағы батырманы қажетті күйге қозғаңыз:



- **«ӨЗІҢІЗДЕН»** - буландыру режимі, үтікшеде көгілдір индикатор жанады. (6 сур.)

6 сур.



– «ӨЗІҢІЗГЕ» - үтіктеу режимі, үтікшеде қызыл индикатор жанады. (7 сур.)

7 сур.

7.1.5 Құралды 85 секундтай қыздырып алыңыз. Жұмысқа дайындық индикаторы жанып-өшетін болдаы. Құрал қызған кезде, «Жұмысқа дайын» индикаторы үздіксіз жанып тұратын болады.

7.1.6 Әдепкі қалпы бойынша «Зығыр» (Лен) режимі орнатылған. Режимді ауыстыру үшін басқару панеліндегі «Матаның түрі» (Тип ткани) батырмасын мата түрінің қажетті индикаторы жанғанша дейін басыңыз.

7.1.7 Егер буландыру режимі орнатылған болса, буды беру автоматты түрде басталады. Булы үтікшені тұтқасынан қолға алыңыз, бұйымның астына жақындатыңыз. Бу қатпарларды тегістей отырып, матаның сыртқы және ішкі беттеріне өтетін болады. Термиялық күйікті алуға жол бермеу үшін жылуоқшауланған қ олғапты қолданыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымдарды буландыру кезінде сақ болыңыз және буды тікелей қолғапқа бағыттамаңыз.

ЕСКЕРТУ: Егер құбыршekten бөгзе шу шығатын болса, конденсатқа электр құралына кері құйылуына жол беріңіз және реттегішті «Вкл./выкл.» күйіне ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТУ: Булық құбыршектің бүгілулеріне жол бермеңіз. Жұмыс аяқталғаннан кейін «Қосу/Сөнд.» (Вкл./Выкл.) батырмасын басыңыз және құралды электр желісі нен ажыратыңыз. Киімді кептіріңіз және суытыңыз. Суға арналған резервуарға үстеп су құю үшін «Қосу/Сөнд.» (Вкл./Выкл.) батырмасын басып құралды сөндіріңіз, және құралды электр желісінен ажыратыңыз.

ЕСКЕРТУ: 15 минуттай әрекетсіз тұрып қалған жағдайда, құрал күту режиміне ауысады, ал «Күту режимі» (Режим ожидания) индикаторы жанып-өшіп тұратын болады. Жұмысты жалғастыру үшін «Қосу/Сөнд.» (Вкл./Выкл.) батырмасын басыңыз.

7.2 Үтіктеу тақтасы


7.2.1 Үтіктеу тақтасы көлбеу механизміне ие және 30°, 60°, 90° және 0° бұрыштарына орнатыла алады (8 сур.).



8 сур.

7.2.2 30° , 60° , 90° -қа көлбеу тақтаға ілгіш ретінде киілген заттарды буландыру кезінде қолайлы. 0° -қа көлбеу үлкен заттарды үтіктеу немесе буландыру кезінде қолайлы.

7.2.3 Көлбеуді реттеу үшін тақтаның кері жағындағы қызыл батырманы басыңыз және тақтаны қажетті күйге орнатыңыз (9 сур.).




9 сур.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жарақат алуларды болдырмау үшін тақтаның күйін реттеу кезінде сақ болыңыз!

7.3 Үтікшенің күйін реттеу

Үтікшені бұру үшін үтікшенің күйін бекіткіш батырманы басыңыз және үтікшенің жылжымалы бөлігін сағат тіліне қарсы бұрыңыз (10 сур.).



10 сур.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Толық суыған үтікшені ғана бұрыңыз. Ыстық беттерге жанасу күйіп қалуға әкеліп соқтыруы мүмкін! Егер үтікше ні жұмыс процесінде бұру қажет болса, жиынтықта келуші қолғапты қолданыңыз.


8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жұмыс аяқталғаннан кейін құралды тазалауды жүргізу қажет. Құралды тазалау үшін құралдың бетін бүлдіруі мүмкін тазартқыш құралды қолданбаңыз. Корпусты алдымен дымқыл майлықпен, сосын құрғақ матамен сүртіңіз.

8.1 Электр құралын тазалау

8.1.1 Құралды электр желісінен ажыратыңыз. Құралды суытыңыз (30 минуттан кем емес).

8.1.2 Телесоптық тіреулерді салыңыз, осы күйге бекітіңіз, сосын құралдың корпусындағы бекіткіштен шығарыңыз (11 сур.).



11 сур.

8.1.3 Контейнерді шешіңіз, қақпақты бұрап шығарыңыз және суды төгіңіз.

8.1.4 Дренажды тұғырықтың тұтқасынан тартыңыз және оны корпустан шығарыңыз.

Бойлердің ағызу саңылауының тығынын «» белгішесі жағына сағат тіліне қарсы бұраумен бұрап шығарыңыз және оны алып тастаңыз. Қалған су дренажды тұғырықтағы саңылау арқылы ағылатын болады.

8.1.5 Тығынды саңылауға орнатыңыз және оны «» белгішесі жағына сағат тілі бойынша бұраңыз. Тұғырықты шығарыңыз және суды төгіңіз. Сосын орнына орнатыңыз және корпусқа сұғындырыңыз.

8.2 Электр құралын қақтардан тазалау

8.2.1 Суды лимон қышқылымен 10:1 үйлесімінде араластыру.

8.2.2 Алынған ерітіндіні суға арналған контейнерге құю.

8.2.3 Бумен жібіткішті 30 минутқа іске қосу.

8.2.4 Құралды электр желісінен ажырату және суыту.

8.2.5 Суға арналған контейнерден, сосын бойлерден ағызу саңылауының тығынын бұрап шығарып қалған суды ағызу.

8.2.6 Суға арналған контейнерге таза су құю және буландырғышты 30 минутқа қайта іске қосу.

8.2.7 Іске қосу, суыту және контейнер мен бойлерден суды қайта ағызу.

9 САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

Бұйымды 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған ортаның температурасы кезінде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Бүлінудерді болдырмау үшін бұйымды тек зауыттық қаптамада ғана тасымалдаңыз. Тасымалдаудан немесе төмендетілген температурада сақтаудан кейін бұйымды оны бөлме температурасында кем дегенде екі сағаттай ұстау керек. Бұйымды тиеу, түсіру және сақтау кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалғандардан басқа келесі талаптарды басшылыққа алу керек:

- бұйымның бүлінуіне және/немесе оның қаптамасының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін елеулі механикалық жүктемелерге бұйымды ұшыратуға тыйым салынады;

- бұйымның қаптамасына судың және басқа да сұйықтықтардың тиіп кетулерін болдырмау қажет. Пайдалануда болған бұйымды теріс температурада тасымалдаудың немесе сақтауға берудің алдында бұйымда судың жоқтығына көз жеткізу қажет. Бұйымның барлық беттері құрғақ болулары керек. Бұйымды температураның елеулі айырмаларынан және тікелей күн сәулелерінен қорғаңыз

9.1 Кәдеге жарату



Бұйымды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға орны толғысыз зиян келтіреді. Ақаулы бұйымды сонымен бірге пайдаланылған қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы мақсаттар үшін мамандандырылған кәдеге жарату орталығына жүгініңіз. Сіз тұрмыстық бұйымдарды, жабдықтарды және пайдаланылған қуат беру элементтерін қайта өңдеуге қабылдаушы бекеттердің мекен-жайларын Сіздегі елді мекендегі муниципалдық қызметтен ала аласыз.

10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Аталған бұйым осы нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды сақтау кезінде кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Дайындаушы сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мақсаттар аясында пайдалану кезінде және осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерінің сақталуы бұйымның осы нұсқаулықта аталған қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартуы мүмкін екендігіне аудартады. Дайындаушы өзіне құрылымына және жиынтықтылауға бұйымның пайдаланушылық қасиетін нашарлатпайтын өзгерістерді енгізу құқығын қалдырады.

Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.

11 БЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Міндетті түрде авторландырылған сервистік орталыққа баруды ұсынамыз.

3 Кесте

Ықтимал мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Жұмыс индикаторы сөндірулі	Құрал желіге қосылмаған	Құралды желіге іске қосыңыз.
	Сақтандырғыш жанып кетті.	Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
Буландырғыш іске қосылған, бірақ бу беру жоқ немесе мезгіл-мезгіл тоқтап қалуда.	Резервуарда су бітті.	Су қосыңыз.
	Қақтар пайда болды.	Құралды 8.2 тармақта көрсетілгендей етіп қақтардан тазалаңыз.
	Бу ландырғыш ақаулы.	Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
Булы құбыршектен тарсыл дыбыстар шығуда.	Булы құбыршекте конденсат жинақталды.	Құбыршекті тіктеу үшін үтікшені жоғары көтеріңіз, сонда конденсат бойлерге ағады.

12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДЕМЕСІ

Сіздің назарыңызды барлық кепілдікті мерзімнің ішінде электр құралы келесі шарттардың сақталуы кезінде тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатын болатындығына аудартамыз:

Кепілдікті міндеттеме онда сатылған күні, сериялық нөмірі, сатушы ұйымның мөрі (мөртабаны), сатушының қолы көрсетілген дұрыс толтырылған кепілдік талоны болған кезде жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған кезде біз Сіздің аталған бұйымның сапасы бойынша наразылықтарыңыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін Сізден бұйыммен жұмысты бастауды алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуына аударамыз. Кепілдік шарттары иегердің үйінде мезгілдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды.

Осы кепілдікті шарттардың құқықтық негізі қолданыстағы Ресей Федерациясының заңнамасы, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералдық Заңның соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі болып табылады.

Бұйымның пайдаланудың кепілдікті мерзімі 24 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшек сауда желісі арқылы сатып алынған күннен бастап есептеледі. Біздің кепілдікті міндеттемелер тек кепілдікті мерзімнің ішінде анықталған және өндірістік технологиялық және конструктивтік ақаулармен шарттас, яғни компания-дайындаушы арқылы жол берілген ақауларға ғана таралады.

12.1 Кепілдікті міндеттемелер келесілерге таралады:

12.1.1 Келесінің нәтижесінде орын алған ақаулықтар:

- қолданушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ұйғарымдарын сақтамауы;
- сыртқы немесе кез келген басқа әсерлерден шақырылған механикалық бүлінулер;
- бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбау,
- бұйымға жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желісі параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкессіздігі секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;
- аталған үлгінің технологиялық конструкциялары арқылы қарастырылмаған, өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдарын және косалқы бөлшектерді қолдану.

12.1.2 Ашуға, жөндеуге немесе түрлендіруге оларға уәкілетті емес тұлғалар арқылы ұшыраған бұйымдар.

12.1.3 Бұйымды лайықсыз сақтаудың немесе қараудың салдарында пайда болған ақаулықтар:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;
- қуат беру баусымының үзілулері мен кесіктері;
- сызаттар, жарықшақтар, корпустың, бұйымның пластик бөліктерінің күшті

үйкелістері және т.б.

12.1.4 Бұйымның асқын жүктелуінің нәтижесінде пайда болған, құралдың істен шығуына әкеліп соқтырған ақаулықтар.

12.1.5 Сериялық нөмірі оқылмайтын бұйым.

12.1.6 Мезгілдік ауыстыруға жататын шығын материалдары, алынбалы бөлшектер, тораптар, сонымен бірге электр құралымен жиынтықта жеткізілетін керек-жарақтар және толымдаушылар (Үтіктеу тақтасы, телескоптық тіреу, үтікшені ұстағыш, саптама-шөтке, Жылуоқшауланған қолғап)

12.1.7 Асқын жүктелулердің мінсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы немесе балқуы;

- сымдардағы оқшаулағыштардың қараюы немесе бұрышталуы.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі. Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе **www.galaxy-tecs.ru**. сайтынан білуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ

Импорттаушы: «МЕГАПОЛИС» ЖШҚ

Мекен-жай: 432006, Ресей, Ульяновск қ., Локомотивная көш., 14

Дайындаушы: Фошань Шуньдэ Синсир-Хоум Хоум Аплайанс Мэньюфэчуринг Ко., ЛТД.

Мекен-жай: №1, Роуд 2, Хуатиань Уэст Жунгуй, Фошань, Гуандун провинс, Қытай

ҚХР жасалған.

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.

Гарантийный талон / Кепілдік талон №

Срок гарантии 12 месяцев
Кепілдік мерзімі 12 ай

Наименование изделия
Бұйымның атауы

Отправитель
Бүмен жібіткіш

Модель
Үлгісі

GL6209

Дата продажи
Сатылған күні

Серийный номер
Сериялық нөмірі

Подпись продавца
Сатушының қолтаңбасы

Печать продавца
Сатушының мөрі

GALAXY LINE

Проверено в моем присутствии, претензий к внешнему виду и комплектации не имею, с правилами эксплуатации и условиями гарантии ознакомлен.

Менің қатысуымда тексерілді, сыртқы түріне және жиынтығы бойынша шағымдар жоқ, пайдалану ережелері мен кепілдік шарттарымен таныстым.

Подпись покупателя
Сатып алушының қолтаңбасы

Сведения о ремонте / Жөндеу жөніндегі деректер

№	Дата Күні	Код работы Жұмыстың коды	Сервис-центр Сервис-орталық	ФИО мастера Шебердің Т.А.Ә.	Подпись мастера Қолы шебер	Подпись покупателя Сатып алушының қолтаңбасы
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						

Гарантийные условия и дополнительную информацию Вы можете найти в руководстве по эксплуатации изделия
Кепілдік шарттар мен қосымша ақпараттарды сіз бұйымды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан таба аласыз

